

ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

Қазақстан тарихы және саяси-әлеуметтік

пәндер кафедрасы

Орыс философиясы

Қарағанды 2010

Орыс философиясы

әлемдік философиялық ойдан жырақта, дербес дамып, европалық және әлемдік философиялық бағыттар ықпалын сезінбей қалыптасуына байланысты өзіндік ерекшелігі мен сипаты, өзіне тән спецификалық зерттеу мәселелері бар философия.

Орыс философиясының жалппы сипаты:

1. діни ықпалдың (православия және мәжусиліктің) әсеріне бейімділік;
2. бұқараға кең таралуы, қарапайым халыққа жақындығы мен түсініктілігі
3. нақтылығы;
4. адамгершілік және мораль мәселелерінің көп қарастырылуы;
5. философиялық зерттеу аясының кеңдігі;
6. философиялық ойлардың берілу түрінің ерекшелігі - саяси тәуелділікке байланысты қалыптасқан қатаң цензура нәтижесінде дамыған көркем шығармашылық, әдеби сын, публицистика, "эзоп тілділігі".

Орыс философиясының әнінің негізгі салалары:

1. адам мәселесі;
2. космизм (космосты біртұтас организм ретінде қабылдау);
3. адамгершілік, мораль мәселелері;
4. Ресейдің Батыс пен Шығыс арасындағы өз даму жолын тандау мәселесі;
5. билік мәселесі;
6. мемлекет мәселесі;
7. әлеуметтік әділет мәселесі;
8. идеалды қоғам мәселесі;
9. болашақ мәселесі;

Орыс философиясының қалыптасуы мен дамуының кезеңдері

1. ежелгі орыс және ежелгі христиандық философияның пайда болу кезеңі (Киевтік Русь) (IX-XIII ғғ.);
2. моңғол — татар шапқыншылығы кезінде туып, орталықтандырылған орыс мемлекеті тұсында дамыған философия (Москвалық Русь және Ресей) (XIII-XVIII ғғ.);
3. XVIII ғ. философиясы;
4. XIX ғ. философиясы;
5. XX ғ. кеңестік философия;

Орыс философиясының алғашқы кезеңіндегі (IX-XIII ғғ.) бағыттар мен өкілдері

ЕЖЕЛГІ ОРЫС ЖӘНЕ ЕЖЕЛГІ ХРИСТИАНДЫҚ ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ IX-XIII ҒАСЫРЛАРҒА СӘЙКЕС КЕЛЕДІ (ЕЖЕЛГІ РУСЬ МЕМЛЕКЕТІ - КИЕВТІК РУСЬТІҢ ПАЙДА БОЛУ ДӘУІРІНЕН -ФЕОДАЛДЫҚ БӨЛІНІС ЖӘНЕ МОҢҒОЛ -ТАТАР ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫНА ДЕЙІНГІ УАҚЫТ АРАЛЫҒЫ).

БҰЛ КЕЗЕНДЕГІ ОРЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ:

1. АДАМГЕРШІЛІК ЖӘНЕ МОРАЛЬДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР;
2. ХРИСТИАНДЫҚТЫ УАҒЫЗДАУ, ХРИСТИАНДЫҚТЫ МӘЖУСИЛІКПЕН БІРІКТІРУГЕ ТАЛПЫНЫС;
3. МЕМЛЕКЕТ;
4. ҚҰҚЫҚ;
5. ТАБИҒАТ;

Алғашқы кезеңнің көрнекті өкілдері:

- Иларион христиандықты, оның сол кездегі және келешектегі рөлін таңдайды, насихаттайды.
- Владимир Мономах — ізгілік пен зұлымдық мәселесі, адалдық, батылдық, ұстамдылық, т.б. мораль - адамгершілік сұрақтары талданып, келер ұрпаққа уағыз айтылатын философиялық моральдық - адамгершіліктік кодекс секілді шығарма;
- Климент Смолягич **негізгі шығармасы** "Пресвитер Фомаға жолдама" философияның басты тақырыбы: ақыл, таным мәселелері қарастырылады.
- Филипп Пустынниктің негізгі еңбегінде ("Плач") - жан мен дене, тәндік (материалды) және руханилық арақатынасы талданады.

ХШ-ХҮІІ ғғ. Аралығындағы орыс философиясы

Моңғол-татар шапқыншылығынан азаттық үшін күрес, орталықтанған Орыс мемлекетінің (Московская Русь) қалыптасу және даму кезеңі тарихта да, философияда да ХШ-ХҮІІ ғасырларға тура келеді.

Бұл кезеңге тән философияның басты тақырыптары:

1. орыстық руханиятты сақтау;
2. христиандық;
3. азаттық үшін күрес;
4. мемлекет құрылысы;
5. таным;

Бұл кезеңнің көрнекті өкілдері:

- Сергей Радонежский (XIV ғ.) - күш - қуат, христиандық универсалдылық пен әділет, орыс халқының консолидациясы, моңғол - татар шапқыншылығынан азаттық идеяларын насихаттаған құдайтанушы;
- Философий (XVI ғ.) - христиандық құдайтану, сұрақтарымен айналысты, Рим - Константинополь - Москва бағыты бойынша ("Москва - Үшінші Рим") христиандық сабақтастық идеясын жақтады;
- Максимилиан Грек (1475 - 1556) - моральдық - адамгершіліктік құндылықтарды: кішіпейілділікті, қарапайымдылықты, аскетизмді насихаттады; халыққа қамқорлық пен әділетті көздейтін монархия және патшалық биліктің идеологы болды;

- Андрей Курбский (1528 - 1583) - оппозициялық әлеуметтік - саяси философияның идеологы болды, патшалық биліктің диспотизмін тектеуді жақтады, бостандықты, құқықты көкседі. Иван Грозныймен сырттай полемика жүргізді;
- Нил Сорский, Вассиан Патрикеев — Шіркеуді реформалауға, шіркеудің салтанаттылығын жоюға, шіркеуді халыққа жақындауға шақырды, "нестяжательдер" қозғалысының идеологтары болды
- Аввакум және Никон — шіркеуді идеологиялық тұрғыдан жаңартуға: Никон — діни дәстүрді реформалауға, Шіркеуді мемлекеттік билікпен тең деңгейдегі билікке айналдыруға; Аввакум — ескі дәстүрлерді сақтауға шақырды.
- Юрий Крижанич (XVII ғ.) — схоластикаға, оның орыс теологиясына таралуына қарсы болды; гносеология сұрақтарымен айналысты, рационалды және тәжірибелік (эмпириалық) танымды ұсынды; тіршіліктің бастауы, алғашқы себебі Күдай деп білді.

XVIII ғасырдағы орыс философиясы

XVIII ғасырдағы орыс философиясының дамуында екі басты бағыт қалыптасты:

1. Петрлік реформалар дәуіріндегі философия;
2. XVIII ғасырдың ортасы мен екінші жартысындағы материалистік философия.

Петрлік реформалар дәуіріндегі философия өкілдері:

1. Феофан Прокопович;
2. В.Н.Татищев;
3. А.Д.Кантемир.

Бұл кезеңде қарастырылған философиялық сұрақтардың сипаты — саяси - әлеуметтік:

1. монархия, мемлекет құрылысы;
2. империялық билік, оның құдіреттілігі мен бұлжымастығы;
3. империалистер құқықтары (жазалау, рақым білдіру, мұрагер тағайындау, т.б.);
4. соғыс және бейбітшілік;
5. таным сұрақтары;
6. адами құндылықтар;

- Феофан Прокопович
- В.Н.Татищев
- Дмитрий Кантемир (1673-1723) - Молдаваның билеушісі болған философ, жазушы, тарихшы және шығыстанушы. 1711 жылы Ресейге келіп, I Петрдің саяси кеңесшісі болды. Берлин академиясының мүшесі (1714)

Негізгі шығармалары

"Диван немесе Данышпанның дүниемен дауласуы" (1698), "Қасиетті ғылымның таңғажайып бейнесі" (1700), "Иероглифтік тарих" (1705),
"Румын молдовалықтар тарихы" (1714),
"Оттоман империясының өрлеу және құлдырау тарихы" (1714 -1716).

Орыс философиясындағы материалистік бағыттың негізгі өкілдері:
М.В.Ломоносов,
А.Н.Радищев.

М.В.Ломоносов (1711-1765) ~ орыстың энциклопедист-ғалымы, орыс философиясындағы материалистік дәстүрдің негізін қалаушы.

Негізгі еңбектері: "Жер қабаттары туралы" (1763); "Жылу мен суықтың себебі туралы толғаныстар" (1749).

М.В.Ломоносов - механистік материализмді негіздеді. Өз зерттеулері мен тәжірибелерінің нәтижесінде барлық заттар ұсақ бөлшектерден — материалды монадалардан ("корпускулалардан") тұрады деп -санайтын заттар құрылысының атомистік, "корпускулярлық" теориясын ұсынды.

М.В.Ломоносовтың құдай туралы ойлары деистік сипатта: біріншіден, жаратушы Құдайды мойындайды; екіншіден, **Құдайға кдаіретгі ісуш тән деп санамайды**, Ломоносов өз түсінігінше, Құдай -тіршілікке қозғау берген "алғашқы түрткі" ғана.

М.В. Ломоносов философиясында этика, мораль, адамгершілік сұрақтарына мән берілген.

Орыс философиясындағы жүйелі материалистік позицияны жалғастырған А.Н.Радищев болды. **Радищев Александр Николаевич** (1749-1802) - орыс жазушысы, Ресейдегі революциялық ой - пікірдің негізін қалаушы материалист.

Негізгі еңбектері: **"Тобылдағы досқа хат"** (1782); **"Еркіндік"** (1783) одасы; **"Петербургтан Москваға саяхат"** (1790); **"Адам, оның өлімі мен мәңгілігі"** (1792).

"Петербургтан Москваға саяхат" атты басты шығармасын бастырып шығарғаны үшін өлім жазасына кесілді, одан соң Сібірге (1797 жылға дейін) айдауға алмастырылды. Айдауда жүргенде келесі әйгілі философиялық трактатын ("Адам, оның өлімі мен мәңгілігі") жазды.

Болмыстың материалистік бастауларын негіздеумен қатар Радищев саяси - әлеуметтік философияға көп мән берді. Оның ұстанымы (кредосы) - ***самодержавиеге қарсы күрес, халық билігі, құқықтық және рухани бостандық!***

Мемлекет тарапынан тоқтатылмаған бақылау, қудалаудан моральдық түрде шаршаған Радищев жан азабына шыдамай, "Келер ұрпақ мен үшін кек алады!" деген қоштасу хатын жазып, у ішіп дүниеден өтеді.

XIX ғасырдағы орыс философиясы

XIX ғасырдағы орыс философиясының басты бағыттары:

1. декабристер философиясы;
2. батысшылдар мен славянофилдер философиясы;
3. Чаадаевтың тарихи философиясы;
4. консервативті діни және монархиялық философия;
5. Ф.М.Достоевский философиясы;
6. Л.Толстой философиясы;
7. революцияшыл-демократтық философия;
8. либералды философия.

Декабристік философияны И.Якушкин, М.Лунин, И.Киреевский, В.Кюхельбекер, т.б. шығармашылықтары құрайды.

Декабристік философияның сипаты - саяси - әлеуметтік.

Негізгі идеялары:

табиғи құқық;

Ресей үшін құқықтық құрылыстың аса қажеттілігі;

крепостнойлық құқықты жою және жерді жермен жұмыс істеушілерге беру;

адамның жеке бас бостандығы;

самодержавиені заңмен, өкілетті органдармен шектеу немесе республикамен амастыру.

Тарихи философия П.Я.Чаадаевтың шығармашылығында бейнеленген.

Чаадаев Петр Яковлевич (1794-1856) -орыс ойшылы, қоғамдық- саяси қайраткері.

Негізгі шығармалары: әйгілі **"Философиялық хаттар"** (1828-1830), **"Жындының апологиясы"** (1837), т.б.

П.Я.Чаадаев ақсүйек отбасынан шыққан. 1812-14 жылдары орыс - француз соғысына қатысады. 1823-26 жылдары шетелдерде Ф.Ламенне және Шеллингпен кездеседі.

1828-1830 жылдары атақты **"Философиялық хаттарын"** жазады. Онда Ресейдің "адам баласының дүниежүзілік тәртібінен" қол үзгені, ұлттық тоқмейілсу мен рухани тоқырау жөнінде күйінішін білдірді. "Хаттардың" біріншісі (барлығы 8) 1836 ж. "Телескоп" журналында жарияланды. "Хат" "ойлай білетін Ресейді" дүр сілкіндірді (Герцен), монархистік топтардың зығырданын қайнатты. "Телескоп" жабылып, оның редакторы Надеждин жер аударылды, Чаадаев жынданған деп жарияланды. 1837 жылы Чаадаев "Жындының апологиясын" жазды.

1840 жылдары Чаадаев Герценмен, Грановскиймен бірге батысшылдардың славяншылдарға қарсы күресіне қатысты.

Чаадаевтың дүниетанымы 1823 жылға дейін сол кездегі француз энциклопедистері мен XVIII ғасырдағы орыстың крепостниктік құрылысқа қарсы, ағартушылық идеялары аясында тәрбиеленген Ресей ақсүйегінің прогресшіл дүниетанымы болатын

Кейіннен Чаадаев католицизм позициясына көшеді: табиғат пен қоғамда Құдай заңының үстемдігін негіздеп, объективті идеализмді ұстанды.

Чаадаев адам дүниенің жалпы заңдарын жоғарыдан аян бермейінше аша алмайды деп есептеп, "қоғам дамуындағы құдайдың аян беруші шешуші рөлін" тұжырымдады. Осыған байланысты ол жер бетіндегі "құдайдың күдіретін" жүзеге асырудың басты құралы — адамды діни тәрбиелеу деп санады.

Келешекте "құдайдың күдіреті" теңдік, бостандық және демократия үстемдік ететін азаматтық қоғам арқылы көрініс береді деп сенді.

Чаадаев пікірінше, тарихи процесс негізінде Құдай еркі жатыр. Христиандық -Құдай еркінің көрінісі. Христиандық - тарихтың (қозғаушы күші. Ал Россия, Чаадаев ойынша, әлемдік тарихи процестен шет қалды. Келешекте ол әлемдік тарихи алаңға қайта еніп, Батыстың құндылықтарын игерумен қатар, ғасырлар бойында қалыптасқан бірегейлігін үйлестіре отырып, жалпы адамзаттық өркениет шеңберінде өзінің тарихи миссиясын орындауы қажет.

Тарихқа, мемлекеттер мен халықтар тағдырларына әсер ететін басты алғышарттардың бірі — география деп санады философ. Деспоттық самодержавие, орталық биліктің диктаты, крепостнойлық құқық - Россия жерінің шексіз - шетсіз кеңістікке созылған үлкендігінде.

Тарих мәселесі, Ресейді жарқын болашаққа апаратын тарихи жолды анықтау, таңдаумен "батысшылдар" мен славянофилдер айналысты.

Батысшылдар сол заманға батыс философиясының дәстүрлерін (материализм, эмпиризм) жақсы игеріп, оларды орыс философиясына ендіруге тырысты.

Батысшылдар өкілдері:

А.Г. Герцен

Н.П. Огарев

К.Д.Кавелин

В.Г.Белинский.

Батысшылдар пікірінше, жалпы өркениет жолынан бөлек, тек Ресейге ғана тән "бірегей" жол деген жоқ. Бірігейлік туралы әңгімелердің мәні - Россияның әлемдік өркениеттен артта қалып, өз ішінде, өзімен тұйықталуында. Ресей үшін басты игілік - батыстық құндылықтарды игеріп, өркениетті елге айналу.

Батысшылдардың қарсыластары славянофилдер болды. Өкілдері: А.С.

Хомяков

И.В. Киреевский

Ю.В.Самарин

А.Н.Островский

ағайынды К.С. және И.С. Аксаковтар.

Славянофилдер пікірінше, Ресейдің тарихи болмысының негізінде православие және қауымдастық өмір салты жатыр. Сондықтан орыс халқының менталитеті батыстан түбегейлі өзгеше. Мысалы, Батыстың бәсекелестік, индивидуализм, рухсыздық, т.б. қасиеттерімен салыстырғанда Ресей халқына құдайшылдық, өзара қолдау, көмек, коллектившілдік, соборлылық тән. Славянофильдердің пікірінше, орыстың тіл мәдениетіне батыстық дәстүрді ендіру, реформалау - бәрі де Ресей үшін ерте ме, кеш пе қайғымен аяқталған.

Ресей идеологияға үйлеспейтін декабристік және басқа да философиялық бағыттарға қарсы ортодоксалды-монархиялық пайда болды. Оның мақсаты - қалыптасқан қоғамдық-саяси және адамгершіліктік жүйені қорғап, оппозициялық ойды жоюы. Басты ұраны:

"Самодержавие" "Халықшылдық"

Ортодоксалды-монархиялық философияда маңызды рольды діни бағыт атқарды. Оның көрнекті өкілдері:

Н.В.Федоров

К.И.Леонтьев.

Н.В. Федоров (1828-1903) философиясының басты тақырыптары: дүние тұтастығы; өмір, өлім мәселесі; мораль және адамгершіліктік өмірсалт мәселесі. Федоров пікірінше, дүние біртұтас. Табиғат (қоршаған дүние), Құдай, адам біртұтас және өзара байланысты. Ерік пен ақыл олардың байланысы. Құдай, адам, табиғаттың негізінде біртұтас әлемдік ақыл жатқандықтан олар бір-біріне ықпал етіп, толықтырып, өзара энергия алмасады.

Адам өмірінің **"Ақиқат сәті"** деп Федоров өмірдің шектілігін, ал үлкен зұлымдық ретінде өлімді атайды. Сондықтан адамзат өзара жауластық, бөлініс атауына қойып, ең басты міндет - өлімді жеңу мақсаты жолында бірігуі тиіс.

Федоров келешекте ғылым мен техниканың дамуы арқылы өлімді жеңу мүмкіндігі туатынына сенді. Жеңіс - өлім құбылысын тоқтату емес, (өйткені, өлімді тоқтату мүмкін емес қой), өмір, тіршілік процесін қайта тудыру арқылы іске асады.

Федоров пікірінше, тірілу, қайта туу мүмкіндігіне деген сенімді Иисус Христос берді.

Федоров философиясы тұрпайылықтан, араздықтан арылып, моральдың жаңа үлгілерін қабылдауға шақырады. Адамдардың адамгершілікті жаппай ұстануы - барлық мәселелерді шешіп, жалпығаламдық бақытқа әкеледі деп санады Федоров.

Федоровтың пікірінше, шектен шығатын өзімшілдікпен қатар, адам тәртібіндегі альтруизм де ұшқарлықтың көрінісі. "Әркіммен және әркім үшін" өмір сүру қажет.

Орыс философиясындағы діни бағыттың келесі өкілі - **К.Н.Леонтьев (1831-1891)**. Леонтьев орыс халқының өмірінің жағымсыз жақтарын, капиталистік қатынастарды сынады. Капитализм Ресейдің халық ретінде жойылуына апаратын жол - "опасыздық пен сұмдықтың патшалығы". Жойылу қаупінен сақтайтын жол біреу — ол капитализмнен бас тартып, Батыс Европадан бөлініп, Византия үлгісіндегі православиелік-христиандық орталыққа айналу. Ондай Ресейдің сипатына православиелілікпен қоса самодержавие, қауымдастық және сословиелік бөлініс жатады. Тарихи процесті Леонтьев адам өмірімен салыстырады. Адам өмірінің белестері сияқты әрбір халықтың тарихында туылу, гүлдену және өшу-жойылу кезеңдері болады.

Өз амандығына ұмтылмаған, ұйымдастырылмаған мемлекет жойылады. Ішкі деспоттық тұтастық - мемлекеттілікті сақтаудың кепілі. Мемлекеттілікті сақтау жолында әділетсіздікке, күш көрсетуге, басқыншылыққа баруға болады.

Ф.М.Достоевский философиясы

Әдеби мұраларымен қоса философиялық еңбектер қалдырған жазушылар -Ф.М. Достоевский және Л.Н.Толстой - діни философиялық бағыттың өкілдері болып табылады.

Ф.М.Достоевский (1821-1881) - Ресейдің болашағы капитализмде де, социализмде де емес, орыс ұлтының дәстүрлерінде деп түсінді.

Дін — мемлекет тарихымен қатар, адам тағдырында да маңызды роль атқарады. Дін — адам руханилылығын қорғап, оны күнә мен зұлымдықтан сақтайды.

Достоевскийдің философиялық көзқарастарында адам мәселесі үлкен орын алады.

Достоевский әрбір адам жүріп өтетін өмірлік жолдың екі тармағын көрсетеді:

1. адам құдай жолы
2. құдай адам жолы

Адамқұдай жолы - адамның абсолютті бостандығы: адам бедел атауына, оның ішінде Құдайды да теріске шығарады, өз мүмкіндіктерін шексіз, өзін - не қаласа да ерікті, орындай алатындай көріп, Құдайдың орнын басқысы келеді. Бұл жолы тындаушылар түбінде сәтсіздікке, күйреуге ұшырайды.

Құдайадам жолы - Құдай жолын ұстанып, барлық әдеттері мен әрекеттерін қадағалау осы жол, Достоевский пікірінше, сенімді, ақиқат жарылу жолы.

Л.Н.Толстойдың (1828-1910) діни философиялық доктринасының мәні:

1. салтанатты ырым-жоралғы, культтер, иерархиямен қоса көптеген діни догмалар сыни тұрғыдан қайта қарастырылып, керексізден тазартылуы тиіс;
2. діни — халыққа түсінікті де қарапайым болуы тиіс;
3. Құдай, дін дегеніміз — қайырымдылық, мейірбандылық, ақыл-парасат және ұждан;
4. өмір мәні - өзіндік жетілу;
5. мәселені шешуде қандай да болмасын зорлық, күштеуден бас тарту қажет;
6. адам тәртібінің негізінде "қарсыласпау" қағидасы жатуы тиіс;
7. мемлекет - күні біткен институт, және ол - күш көрсету құрал болғандықтан тіршілік етуге қақысы жоқ;
8. мемлекеттік құрылысты құлату, елемеу - сол мемлекеттің азаматтарының саяси өмірге қатыспай, шенеуліктер қызметке бармай қоюы қажет;

Діни философиялық көзқарастары үшін Л.Н.Толстойдың Шіркеу 1901 жылы анафемаға (қарғысқа) ұшыратып, Шіркеуден алыстады.

XIX ғасырдағы орыс философиясының революцияшыл-демократиялық бағытының өкілдері:

Н.Г.Чернышевский

Халықшылдар — Н.К.Михайловский, М.А.Бакунин, П.Л.Лавров, П.Н.Ткачев, Анархист П.Кротаткии, Марксист Г.В.Плеханов болды.

Бұл кезеңдегі философияның жалпы сипаты - әлеуметтік-саяси бағыттылығында. Аталған өкілдердің барлығы сол кездегі қоғамдық саяси және экономикалық құрылысты терістеп, келешек туралы өз ойларын тұжырымдады.

Н.Г.Чернышевский капитализм дағдарысына шығу жолын - "жерге оралу" (Ресей аграрлығы идеясы), жеке бас бостандығында және қауымдастық өмір салтта деп білді.

Халықшылдар орыс халқының төлтумалылығына сүйене отырып, капитализмге соқпай, тікелей социализмге көшуді ұсынды. Олардың пікірінше, сол кезеңдегі құрылысты жойып, социализмге өтудегі әрекеттердің ішінде террор да бар. Ал анархистер халықшылдардан да ары өтіп, мемлекет — қысым жасау тетігі, жаманшылық көзі болғандықтан оны (мемлекетті) біржолата жою қажет деп санады.

Марксистер Ресей келешегі - К.Маркс және Ф.Энгельс іліміне сәйкес: мемлекеттік меншік басым болатын - социалистік қоғамда деп білді.

XIX ғасырдағы философиялық дәстүрді либералдық бағыт аяқтайды:

Көрнекті өкілі - В.С.Соловьев (1853-1900). Соловьев философиясының басты ойлары:

1. Біртұтастық идеясы - болмыстың барлық түрлері, жақтарының (материалды, рухани т.б.) бірлігі мен үйлесімі идеясы;
2. адам өмірінің басты қыры - адамгершілік екендігі туралы (адамгершіліктің төменгі деңгейі - құлдық, жоғарғысы махаббат);
3. прогресс - ұрпақтар жалғастылығы мен байланысының көрінісі екендігі;
4. тірілер мен өлілерді қайта тірілту (рухани, тәндік-рухани тірілту) - адамзат ұмтылатын басты мақсат болуы тиіс екендігі туралы ой;
5. Құдай идеясы - ізгіліктің көрініс беруі;
6. "құдайадам идеясы" - Құдай, ізгілік, адамгершілік жолын ұстанған тұлғаның өмір жолы; . .
7. София - ең жалпы, Құдіретгі даналық;
8. үш құрамнан тұратын - орыстық идея: "Қасиетті Русь" (Москва -"Үшінші Рим"), "Ұлы Русь" (Петр I реформалары) және "Азат Русь" (декабристер және Пушкин рухы).

XX ғасырдағы орыс және кеңестік философия.

Қазіргі заманғы орыс философиясының басты сипаты мыналар:

1. кеңестік дәстүрдің әсерінің күштілігі (материализм, тарихқа формациялық қатынас);
2. түрлі бағыттарының (кеңестік, шетелдік т.б.) жаңаруы, бірігуі;
3. догмалардан тазарып әлемдік философияға жақындауы.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы орыс халқының философиясының басты бағыттары:

1. "алтын ғасырдағы" философия (діни философия, космизм);
2. ғылыми — жаратылыстық философия;
3. кеңестік философия;
4. шетелдік орыс философиясы.

Ресейдің рухани тарихындағы "алтын ғасыр" деп - XIX ғасырдың 90-жылдарынан XX ғасырдың 10-жылдарына дейінгі уақыт аралығын айтады. Бұл кезеңге орыс әдебиеті мен өнерінің, философиясының қайта көркеюі (ренессансы) сәйкес келді.

Діни бағыттың басты өкілдері:

- С.Н.Булгаков
- Ағайынды Трубецкойлар
- П.А.Флоренский
- С.Л.Франк

С.Н.Булгаков (1871-1944) барлық христиандық шіркеулерді бір ғана христиандық "экумендік" Шіркеуге біріктіру туралы идеяны ұсынды. Жер бетіндегі қайғының себебі -бөліністе деп білді. Қоғамдық экономикалық, саяси, рухани салаларға және әрбір саланың өз ішіндегі жікке бөлінуінен. Діндегі христиандық шіркеулердің (православие, католицизм, протестантизм) болінуі.

Ізгілікке жету жолы - адамзатты бір ғана, аса күшті, абсолютті Құдай мен христиандық Шіркеуге топтауда деп білді Булгаков.

Булгаков адам тағдырының алдын-ала жазылатындығы және адам өлімінен кейін Құдай алдында берілетін жауап туралы ойларды ақиқат деп санады.

Діни бағыттың келесі өкілі - философ, священник П.А.Флоренский (1882 ж. туылған, қаза болған жылы белгісіз: 1937/1943).

Флоренский пікірінше дүние - өзара байланыстар мен антиномиялардан құралған тұтастық (дүниенің қиындығы мен жүйесіздігі, Құдайдың жалғыздығы мен беріктігі, т.б. қайшылықтар).

Флоренский келешекте ашылатын техникалық жаңалықтар көмегімен материя және рух арасындағы өзара байланыс, уақыт пен кеңістіктің тұрақсыздығы, салыстырмалылығы туралы жаңа түсінікке қол жеткізуге болатынына сенді.

Флоренский ойларының дұрыстығы кванттық механика, Эйнштейннің салыстырмалылық теориясы, т.б. физикалық-математикалық жаңалықтармен дәлелденуде.

Космизм - космосты, қоршаған дүниені (табиғатты), адамды өзара байланысты тұтастық ретінде қарастыратын философиялық бағыт. Бұл бағыттың көрнекті өкілдері:

Н.В.Бугаев

В.И.Вернадский

К.Э.Циолковский

А.Л.Чижевский

Н.В.БУГАЕВ (1837-1902) - ӨЗІНІҢ КОСМОСТЫҚ МОНАДАЛАР ТУРАЛЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІН ЖАСАДЫ. ОЛ ТЕОРИЯҒА СӘЙКЕС, БҮКІЛ КОСМОС САНСЫЗ КӨП РУХАНИ БІРЛІКТЕР -МОНАДАЛАРДАН ҚҰРАЛАДЫ. МОНАДАЛАР БОЙЫНДА ҚУАТ, БІЛІМ, "ӨТКЕНІ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР" БАР. ЖЕР БЕТІНДЕГІ ЖӘНЕ ӘЛЕМДЕГІ ЦИВИЛИЗАЦИЯЛАР КОСМОСТЫҚ МОНАДАЛАРДЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ МЕН ӨМІРІ АРҚАСЫНДА ІСКЕ АСЫП, МҮМКІН БОЛУДА.

В.И.Вернадский (1863-1945) - ғалым, философ-космист - ноосфера теориясын негіздеді. Адам эволюциясы барысында оның қоршаған табиғатқа ықпал ету, өзгертушілік әрекеті күшейе түседі. Нәтижесінде ноосфера - адам өмірінің, оның материалдық және рухани мәдениетінің, ақыл-парасатының сферасы (ноосфера) пайда болады.

Ноосфера тоқтаусыз кеңейеді және болмыстың басқа да салаларын қамти түседі. Биосфера (өмір, тіршілік сферасы) үздіксіз ұлғая түсіп, біртіндеп ноосфераға ауысады.

Вернадский пікірінше, ноосфера Жер бетінде жетекшілік жасап, космосқа да таралады.

К.З.ЦИОЛКОВСКИЙ (1857-1935) МАТЕРИЯНЫҢ МӘҢГІЛІКТІГІН, ЖОҚТАН БАР БОЛМАЙТЫНДЫҒЫН ЖӘНЕ ЖОЙЫЛМАЙТЫНДЫҒЫН ТҰЖЫРЫМДАДЫ. МАТЕРИЯНЫҢ НЕГІЗІНДЕ ҰСАҚ БӨЛШЕКТЕР - АТОМДАР ЖАТЫР ДЕП СЕНДІ. АТОМДАР ТҮРЛІШЕ ҚИЮЛАСЫП, КӨПТҮРЛІ МАТЕРИАЛДЫ ДЕНЕЛЕРДІ ЖАСАЙДЫ. БҮЛІНГЕН ЗАТТАР МЕН ДЕНЕЛЕР БІРЖОЛА ЖОЙЫЛМАЙДЫ - БАРЛЫҒЫ ҚАЙТАДАН ЖАҢА ДЕНЕЛЕР ҚҰРАЛАТЫН АТОМДАРҒА ЫДЫРАЙДЫ. ӘЛЕМДЕ АТОМДАР АЙНАЛЫСЫ ТОЛАССЫЗ ЖҮРУДЕ, АЛ МАТЕРИЯ ӘЛСІН-ӘЛСІН ӨЗ ФОРМАСЫН ӨЗГЕРТКЕНМЕН, ЖОЙЫЛМАЙДЫ. ЖЕРДЕГІ ЦИВИЛИЗАЦИЯ - ӘЛЕМДЕГІ ТІРШІЛІКТІҢ БІР ҒАНА ТҮРІ ЕМЕС ДЕП САНАДЫ ЦИОЛКОВСКИЙ. ӨЙТКЕНІ, КОСМОС — ЖАНҒА ИЕ, АЛ ӨМІР-ТІРШІЛІК - КОСМОСТЫҚ БОЛМЫСТЫҢ БӨЛІНБЕС БЕЛГІСІ. СОНДЫҚТАН ӘЛЕМДЕ ӨЗГЕ ДЕ АҚЫЛДЫ ТІРШІЛІКТЕР МЕН ДАМЫҒАН ЦИВИЛИЗАЦИЯЛАР БАР. ЦИОЛКОВСКИЙ ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНИКАНЫҢ МҮМКІНДІГІНЕ, АДАМНЫҢ КОСМОСТЫ ТОЛЫҚ ИГЕРУІ МЕН БОЛАШАҚТАҒЫ ПЛАНЕТААРАЛЫҚ ЦИВИЛИЗАЦИЯЛАР ҚАТЫНАСЫНА СЕНДІ

А.Л.Чижевский (1897-1964) - космостық биология туралы ерекше философиялық жүйе жасады. Оған сәйкес, Жердегі биосфера, тіршіліктің дамуы ішкі себептермен қатар сыртқы -космостық ықпалға байланысты.

Жер бетінде жүріп жатқан процестерге тікелей әсер етіп, биосфера тіршілігін басқаратын - Күн, жануарлар тәртібі, толқындардың қозғалысы, әлеуметтік катаклизмдер - соғыстар, төңкерістер - Күннің әсерінен. Кеңестік социалистік республикалар одағында Чижевскийдің "Күнге табынушылық" философиясы "ғылымнан алыс, дерексіз" деп жарияланып, философ қудалауға ұшырады.

ҒЫЛЫМИ-ЖАРАТЫЛЫСТЫҚ ФИЛОСОФИЯНЫҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛДЕРІ:

- И.М.СЕЧЕНОВ
- Д.И.МЕНДЕЛЕЕВ
- М.М.КОВАЛЕВСКИЙ
- К.А.ТИМИРЯЗЕВ

ҒЫЛЫМИ-ЖАРАТЫЛЫСТЫҚ ФИЛОСОФИЯНЫҢ БАСТЫ БАҒЫТТАРЫ:

1. МАТЕРИАЛИСТІК
2. САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК

МАТЕРИАЛИСТІК БАҒЫТТЫҢ ӨКІЛДЕРІ: (СЕЧЕНОВ, МЕНДЕЛЕЕВ, ТИМИРЯЗЕВ)
БОЛМЫСТЫ ЖАРАТЫЛЫС ҒЫЛЫМДАРЫ (БИОЛОГИЯ, ХИМИЯ, ФИЗИКА, МЕДИЦИНА) ТҰРҒЫСЫНАН ҚАРАСТЫРДЫ. ОЛАР ДҮНИЕНІҢ АТОМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫН, АТОМНЫҢ КҮРДЕЛІ ҚҰРЫЛЫМЫН ЖӘНЕ ЗАТТАРДЫҢ КӨПТҮРЛІЛІГІ АТОМДАРДЫҢ ІШКІ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ҚИЮЛАСУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЕКЕНДІГІН ДӘЛЕЛДЕДІ (МЕНДЕЛЕЕВ). ОЛАР ТАНЫМ МҮМКІНДІКТЕРІН, ТАНЫМ МЕХАНИЗМДЕРІН ЗЕРТТЕДІ ЖӘНЕ САНА ТУРАЛЫ МАТЕРИАЛИСТІК ТҮСІНІКТІ ЖАҚТАДЫ.

Саяси-әлеуметтік бағыттың өкілдері:

- Мечников
- М.М.Ковалевский болды

Олар қоғамды табиғаты көпфакторлы тұтастық, бірбүтін кұылыс ретінде қарастырып, оған ықпал ететін факторларды (географиялық, климаттық, экономикалық т.б.) зерттеді. Қоғам дамуы, олардың пірінше, объективті заңдарға сәйкес іске асады.

Кеңестік философия

XX ғасырдың 20-шы жылдарынан 90-шы жылдар басына дейінгі орыс философиясы (КСРО-ң басқа да халықтарының философиясы сияқты) кеңестік философия атымен дамыды.

Кеңестік философия материалистік сипатта болды, маркстік философияның (диалектикалық және тарихи материализм) шеңберінде дамыды және догмаға айналды.

Кеңестік философияға В.И.Лениннің философиялық творчествосы үлкен ықпал етті. Ленин маркстік материалистік ілімді дамытты және оны Ресей жағдайына бейімдеуге тырысты.

Кеңестік философия дамуын 3 кезеңге жіктеуге болады:

1. 1917-1930 жылдар - ресми марксизм-ленинизм қысымы жағдайындағы философия;
2. 1930-1950 жылдар — философияның толық идеологияландырылып, ресми биліктің қызметшісіне айналуы. Философиялық сұрақтарға И.В.Сталин позициясының анықтаушылық ролінің күшеюі;
3. 1950-1980 жылдар - дербес, өзіндік, кеңестік философияның қайта тууы.

1950-1980 жылдардағы кеңестік философияның айналысқан мәселелері:

1. құндылықтар мәселесі
2. марксизм-ленинизмге жаңа түсіндірме беру, "нағыз Маркс", "нағыз Ленинге" қайта оралу
3. таным, сана мәселесі
4. идеалдылық мәселесі
5. мәдениет мәселесі
6. философиялық әдістер мәселесі

Кеңестік философияның көрнекті өкілдері:

- Н.И.Бухарин (сана, психика мәселесі)
- А.Богданов (жүйелер теориясы - «тектология»)
- А.Ф.Лосев (адам, тарих мәселелері)
- А.М.Деборин (материализмге творчестволық түсінік)
- Л.Гумилев (тарих, этногенез сұрақтары)
- М.Мамардашвили (адам, мораль, адамгершілік мәселесі)
- В.Асмус (кең ауқымды зерттеулер)
- Ю.Лотман (қоғам, философия, тарих)

Кеңестік өкімет орнаған КСРО-да өз шығармашылық ізденістерін жалғастыру мүмкіндігі болмаған философтардың эмиграциялануы (1922 жыл, "Философиялық кеме") нәтижесінде түрлі елдерде "шетелдік орыс философиясы" қалыптасты. Көрнекті өкілдері:

- Д.С. Мережковский
- Н.А.Бердяев
- Л.И.Жестов
- П.А.Сорокин т.б.

Д.С.Мережковский (1864-1941) - адам және Құдай арақатынасы мәселесін қарастырды. Мережковский пікірінше, адамның тұлғалық калыптасуы 3 кезеңнен өтеді:

1. мәжусилік (языческий)
 2. христиандыққа ену
 3. христиандықпен біртұтастыру, адамның толық ішкі гармониялық үйлесімі
- Мережковский көксеген адам және қоғам идеясы - мемлекетсіз діни бірлестікте ізгіге абзал христиандармен бірге өмір сүруші тұлға.

Л.Шестов (1866-1938) философиясы экзистенциализмге жақын. Басты тақырыптары: адам, оның өмірі, әрекеттері, құқықтары. Шестов пікірінше, адам және оның өмірі бірегей, адам өмірі сыртқы жағдайларға тәуелсіз, әрбір адам өз мүддесін қорғауға, іске асыруға, ал "ержүректер" өзін қоғамға қоюға құқылы.

Л.Н.Бердяев (1874-1948) философиясы көпқырлы. Оның шығармашылығына діни сарын тән.

Бердяев философиясының басты қағидалары:

1. қоршаған дүниедегі басты құндылық - бостандық, еркіндік, азаттық;
2. бостандық, еркіндік, адам тіршілігінің негізін құрайды;

3. адам бостандығына ішкі қатер төнуде;
4. ол қатерді жалпы ерік пен қысым механизмінің объективтендірілген түрі - мемлекет пен қоғам әкелуде. Қоғам және мемлекет адамның индивидуалдылығын жойып, өзіне бағындыруға ұмтылуда. Әрбір адам міндеті - оның қоғам мен мемлекеттің ассимиляциялануына жол бермей, өздігін сақтап қалу;
5. дін адам өмірінде өзекті роль атқарады;
6. Құдай мен адам арасында тең қатынас болуы тиіс: Құдай – қожайын, адам - оның құлы рөлінде болмауы керек;
7. адам Құдайға ұмтылуы тиіс, бірақ Құдайды өзімен алмастырмауы қажет.

Саяси-әлеуметтік көзқарастарында Бердяев Ресей және орыс халқының тарихи тағдыры мәселесіне көп көңіл бөледі. Бердяев пікірінше, КСРО-да кұрылып жатқан социализм (коммунизм) орыстың ұлттық сипатымен үндес (мысалы: қауымдастық, өзара көмек пен қолдау, теңдік, әділдік, коллективизм).

Ресей Шығыстың да, Батыстың жағына да аумауы тиіс, Ресей Шығыс пен Батыс арасындағы аралық рөлде қалып, өзінің тарихи миссиясына орындауы қажет. Ал Ресейдің тарихи миссиясы - Жердегі "Құдай Патшалығын" (яғни, мейірбандылық пен махаббатқа негізделген қоғамды) кұру.

Бердяев философиясы эсхатологиялық сипатта (алда "ақырзаман" тұрғанына сенді).

П.Сорокин (1889-1968) — АҚШ-та өмір сүріп, адам және қоғам тақырыбын зерттеген орыс философы. Сорокин Батыс қоғамына аса маңызды теорияларды берді. Олар:

1. стратификация;
2. әлеуметтік мобильділік.

Стратификация — қоғамның (ұлты, кәсібі, кірісі, ықпалы бойынша) көптүрлі әлеуметтік топтарға - страттарға жіктелуі. Қоғамның тұрақтылығы мен демократияның маңызды көрсеткіші - ел-жұрттың әлеуметтік мобилділігі - бір страттан екінші стратқа оңай өту мүмкіндігіне байланысты болып табылады.

ХУШ-ХХ ғғ. орыс философиясының бағыттары мен ағымдары

Материализм (Ломоносов, Радищев, Ленин)

Масондық (Елагин, Шварц, Лопухин, Лабзин)

Батысшылдар (Грановский, Бакунин, Герцен, Огарев, Белинский) **Славянофилдер** - (Киреевский, Хомяков, Самарин, ағайынды Аксаковтар) **Жершілдер** - (Григорьев, Страхов, Данилевский, Леонтьев, Достоевский) **Революцияшыл-демократтар** - (Чернышевский, Добролюбов, Писарев) **Халықшылдар** - (Ткачев, Лавров, Бакунин, Кропоткин)

Діни философия - (Сковорода, Толстой, Федоров, Соловьев, Бердяев, Булгаков, Франк, Лосский, Шестов, Флоренский, Андреев).

Орыс марксизмі - (Плеханов, Ленин)

Орыс космизмі - (Одоевский, Сухово-Кобылин, Федоров, Батаев, Соловьев, Блаватская, Умов, Циолковский, Флоренский, Чижевский, Рерих, Манеев)

Теософия және Тірі Этика - (Блаватская, Рерихтер, Абрамовтар)

Марксизм-ленинизм - (Аксельрод, Деборин, Митин, Ильенков, Мамчур, Степин, Келле, Барулин т.б.)

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!**